

«Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілген
2013 ж. «___» _____ №__ хаттамасы

**СЫРТҚЫ АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖЕТКІЗУШІСІН ТАҢДАУҒА ҚАТЫСТЫ
«ЭЙР АСТАНА» АҚ ПРОЦЕДУРАСЫ**

Алматы 2013

Мазмұны	Беті
1. Мақсаттар мен түсіндірулер	3
1.1 Жалпы қағидалар	3
1.2 Терминология	3
2. Жеткізушіні таңдау процедурасы	3
2.1 Жалпы қағидалар	3
2.2 Ашық тендер өткізу процедурасы	4
2.3 Аудиторлық ұйымның сыртқы аудиторлық қызметтерін таңдауға қойылатын талаптар	4
3. Қорытынды қағидалар	5
I қосымша Техникалық сипаттама	6
II қосымша Тендерлік комиссияның құрамы	10

1. Мақсаттар мен түсіндірулер

1.1 Жалпы ережелер

1. «Эйр Астана» АҚ-ның осы сыртқы аудиторлық қызметтердің жеткізушісін таңдау процедурасы (бұдан әрі «Процедура» деп аталады) Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» заңына және «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі «Қоғам» деп аталады) Сатып алу ережелеріне сай әзірленген.
2. Процедураның мақсаты — аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметтерін тарту бойынша тиімді қызмет ұйымдастыру, оларды таңдау бойынша жүйеленген процедуралар енгізу.
3. Процедурада қарастырылған негізгі қағидалар Қоғамға белгілі аудиторлық қызметтерді көрсететін аудиторларды тарту мүмкіндігін береді.

1.2 Терминология

Осы Процедурада қолданылатын анықтамалар мен қысқартулар:

4. **Аудитор** — ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы», «Аудиторлық қызмет туралы» заңдарына және/немесе қолданылатын жағдайда Қоғамның Жарғысына сай Қоғамға аудиторлық қызмет көрсететін аудиторлық ұйым;
5. **Сараптау Комитеті** — Қоғамның Қаржы департаментінің қызметкерлері және Қоғамның Президенті тағайындаған басқарушы персонал;
6. **Тендерлік Комиссия** — Аудиторды таңдау үшін Қоғамның ішінде құрылатын комиссия;
7. **Сатып алу ережелері** — Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қоғамның Сатып алу ережелерінің соңғы басылымы;
8. **Аудит жөніндегі комитет** — Қоғамның Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті;
9. **ERP жүйесі** — Enterprise Resource Planning system – Oracle.

2. Жеткізушіні таңдау процедурасы

2.1 Жалпы ережелер

10. Аудиторлық ұйымның қызметтері сатып алу өтінімі негізінде сатып алынады. Қоғамның Қаржы департаментінің уәкілетті тұлғасы ERP жүйесінде сатып алу өтінімін жасайды. Өтінімде міндетті түрде аудиторлық қызметтерді сатып алудың егжей-тегжейлі негіздемесі, сондай-ақ Қоғамның Қаржы департаменті берген қызметтердің техникалық сипаттамасы көрсетілуі тиіс.
11. Өтінімді Қоғамның Бас бухгалтері / Қаржы департаментінің менеджері мақұлдайды.
12. ERP жүйесінде мақұлданған өтінім одан ары Қоғамның Сатып алу департаменті Вице-президентінің мақұлдауына жіберіледі.
13. Сатып алу мамандары ERP жүйесінде өтінімді өңдеп, Сатып алу ережелерінде көрсетілген әдістердің бірімен, оның ішінде ашық тендер әдісімен жеткізушіні таңдайды. Өткізілген саудасаттық пен Сараптау Комитетінің талдау қорытындылары бойынша тапсырыс жасалады.

2.2 Ашық тендер өткізу процедурасы

Ашық тендер өткізу арқылы сатып алу процедурасы төмендегі бірізді шараларды қамтиды:

14. Қызметтерді, тауарларды немесе жұмыстарды ашық тендер әдісімен сатып алу туралы шешім қабылдау, тендерлік комиссияның және сараптау комитетінің (сарапшының) құрамын бекіту, тендерлік комиссияның хатшысын тағайындау, тендерлік құжаттаманы бекіту;
15. Қоғамның веб-сайтында және Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, аптасына кемінде 3 (үш) рет шығатын мерзімді басылымда ашық тендер әдісімен сатып алу туралы хабарлама жариялау;
16. Қоғамның веб-сайтында тендерлік құжаттаманы жариялау, ықтимал жеткізушілерге тендерлік құжаттаманы беру;
17. Тендерлік комиссия хатшысының ықтимал жеткізушілердің ашық тендерге қатысу тапсырыстарын қабылдау және тіркеу;
18. Тендерлік комиссияның ықтимал жеткізушілердің ашық тендерге қатысу тапсырыстары салынған хатқалталарды ашу бойынша отырысы, ықтимал жеткізушілердің ашық тендерге қатысу тапсырыстары салынған хатқалталарды ашу хаттамасын жасау;
19. Тендерлік комиссияның ықтимал жеткізушілердің ашық тендерге қатысу тапсырыстарын қарастыруы, ашық тендерді қорытындылау, ашық тендердің қорытындысы туралы хаттама жасау;
20. Қоғамның веб-сайтында ашық тендердің қорытындысы туралы хаттаманы жариялау.
21. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, аптасына кемінде 3 (үш) рет шығатын мерзімді басылымда ашық тендердің қорытындысы туралы ақпарат жариялау;
22. Ашық тендердің жеңімпазымен сараптау комитеті мақұлдаған сатып алу шартына отыру;
23. Тендерлік комиссия ІІ қосымшаға сәйкес құрылады. Орнында болмаған төрағаның қызметін тендерлік комиссия төрағасының орынбасары атқарады. Тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ болып, бес адамнан кем болмауы тиіс. Тендерлік комиссия төрағасы ретінде Қоғамның бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары, өзге басшысы тағайындалады.
24. Сараптау комитетінің талдауы есепке алынған тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыс беру тәсілімен қабылданады. Тендерлік комиссия құрамындағы мүшелер отырысындағы қатысушылардың көпшілігі дауыс бергенде, ол қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, тендерлік комиссияның төрағасы, ал ол болмағанда, төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.
25. Тендерлік комиссия Аудиторды 3 жылдан аспайтын мерзімге таңдайды.

2.3 Аудиторлық ұйымның сыртқы аудиторлық қызметтерін таңдауға қойылатын талаптар

26. Тендерлік құжаттардың сипаттамасына енгізілген қызметтердің сапасы мен талаптары төмендегілерді қамтиды, бірақ онымен шектелмейді. Бұлар:
 - 1) аудиторлық ұйым қызметкерлерінің біліктілік деңгейі;
 - 2) аудиторлық ұйымдардағы қызметкерлердің қазақстандық нарықтағы кәсіби тәжірибесі;
 - 3) аудиторлық ұйымдардағы қызметкерлердің халықаралық нарықтағы кәсіби тәжірибесі;
 - 4) уақытылы және сапалы қызмет көрсету;
 - 5) авиациялық индустрия бизнесі бойынша жергілікті және халықаралық білім (аудиторлық компанияның авиациялық индустриядағы клиенттері неғұрлым көп болса, ол осы саладағы қиыншылықтар туралы соғұрлым көбірек біледі және мәселелерді оңтайлы шешу жолдарды жылдамырақ табылады).
27. Осы Процедураның 1-қосымшасын талап етілетін сипаттамалардың толық тізімін дайындау барысында қолдануға болады.
28. Тендердің нәтижесі бойынша аудиторлық ұйым көрсететін сыртқы аудиторлық қызметтерді таңдаған соң, бұл нәтижелер Аудит жөніндегі комитеттің, Директорлар кеңесінің және Қоғам акционерлерінің мақұлдауына берілу керек.

3. Қорытынды қағидалар

32. Осы Процедураның талаптары өзектілігіне қарай анда-санда тексеріліп отыруы тиіс. Аудит саласындағы уәкілетті органдар Процедураның талаптарын ұстану мәселелерін қажетінше тексеріп отырады.

Аудиторлық ұйымның сыртқы аудиторлық қызметтерін тарту саласындағы жеткізушіні таңдау процедурасының I қосымшасы

Техникалық сипаттама

Төмендегі жұмыстарды атқару үшін аудиторлық қызмет көрсету қажет. Бұлар: халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі «ХҚЕС» деп аталады) және Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңына сай ҚР уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік актісімен, «Самұрық-Қазына» АҚ ұлттық әл-ауқат қорымен» бекітілген тізімге, нысандарға (бұдан әрі «Бекітілген нысандар») сәйкес әзірленген 2014, 2015 және 2016 жылдардың 31 желтоқсан күнгі және одан кейін аяқталатын жылдардың қаржылық есептіліктерінің аудиті; 34-ші Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарына (бұдан әрі «34-ші ХБЕС» деп аталады) және Бекітілген нысандарға сай әзірленген 2014, 2015 және 2016 жылдардың 30 маусым күнгі және осы күнде аяқталатын кезеңдердегі аралық қаржылық есептіліктердің шолуы; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Жария мүдделі ұйымдардың жариялауы үшін жылдық қаржылық есептілік тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сай әзірленген 2014, 2015 және 2016 жылдардың 31 желтоқсан күнгі және одан кейін аяқталатын жылдардың қаржылық есептіліктерінің аудиті.

I. Қызметтерге қатысты қойылатын талаптар

- Аудит:
 - 1) ХҚЕС-ке сәйкес әзірленген 2014, 2015 және 2016 жылдардың 31 желтоқсан күнгі және осы күннен кейін аяқталатын жылдардың қаржылық есептіліктерінің аудиті;
 - 2) Бекітілген нысандарға сәйкес әзірленген 2014, 2015 және 2016 жылдардың 31 желтоқсан күнгі және осы күннен кейін аяқталатын жылдардың қаржылық есептіліктерінің аудиті;
 - 3) Өткізу кезеңі — есептік жылдан кейінгі қаңтар-ақпан, және жылдық аудит аясындағы 9 айлық алдын ала аралық процедуралар есептік жылдың 15 қарашасына дейін аяқталуы тиіс;
 - 4) ХҚЕС-ке сәйкес әзірленген қаржылық есептер бойынша аудиторлық қорытындыны тапсыру мерзімі — есептік жылдан кейінгі 1 наурыздан кеш емес;
 - 5) Бекітілген нысандарға сәйкес әзірленген қаржылық есептер бойынша аудиторлық қорытындыны тапсыру мерзімі — есептік жылдан кейінгі 1 наурыздан кеш емес;
 - 6) ХҚЕС-ке сай әзірленген қаржылық есептер бойынша аудиторлық қорытындылар ағылшын тілінде теңгемен, ағылшын тілінде АҚШ долларымен, орыс тілінде теңгемен және қазақ тілінде теңгемен 7 (жеті) данадан шығарылуы керек;
 - 7) Бекітілген нысандарға сай әзірленген қаржылық есептер бойынша аудиторлық қорытындылар орыс тілінде 3 (үш) данадан шығарылуы керек;
 - 8) «Эйр Астана» АҚ ХҚЕС-ке сай әзірленген қаржылық есептіліктердің аудитін өткізу үшін қажетті ақпаратты толтыруы мақсатында аудитордың жұмыс кестелерін есептік кезеңнен кейінгі 10 қаңтардан кешіктірмей беруі;
 - 9) Аудитордың есептік жылдың қазан-желтоқсан айларында өткізілетін жыл сайынғы мүлік түгендеу барысында болуы;
 - 10) Басшылыққа ХҚЕС-ке сай әзірленген қаржылық есептілік бойынша жылдық аудиторлық есеп қорытындыларына қатысты Хат беріп, онда ілеспе қызметтердің тізіміне енгізілген қосымша шолулар мен бағалардың нәтижелерін толық сипаттап, кемшіліктерді жою бойынша тиісті ұсыныстар жасау;
 - 11) Басшылыққа ХҚЕС-ке сай әзірленген қаржылық есептілік бойынша жылдық аудиторлық есеп қорытындыларына қатысты берілетін Хат орыс және ағылшын тілдерінде 3 (үш) данадан шығарылуы тиіс;
 - 12) Аудиторлық тексеру аясында төменде берілген, құны ХҚЕС-ке сай әзірленген қаржылық

есептіліктің Аудит қызметтерінің жалпы құнына енгізілген ілеспе қызметтерді көрсетіп, басшылыққа берілетін Хатта оларға қатысты тиісті ұсыныстар жасау (10-тармақты қараңыз):

- аудит барысында бухгалтерлік және салықтық есептілік бойынша кеңестер беру, осы кеңестер бойынша есептер берілмейді;
 - қаржылық есептілікке жасалған ескертулерде ашып көрсетуді жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау;
 - есептік саясатты қолданылатын әдістер мен бухгалтерлік есеп қағидаттарының Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және ХҚЕС заңдарының талаптарына сәйкестігіне қарай талдау;
 - бухгалтерлік есептің жүргізілуін және қаржылық есептіліктің құрылуын бағалау (оның ішінде қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, қорларды есепке алу тәртібін бағалау);
 - активтер мен міндеттемелерді, активтер мен міндеттемелерді түгендеу әдістері мен процедураларын бағалауға талдау жасау, оның ішінде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сатып алушыларымен және жеткізушілерімен дебиторлық және кредиторлық берешекті салыстыру;
 - ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті құру мәселелері бойынша қисындылығын бағалау;
 - бағдарламалық және техникалық жабдықтардың күйін және автоматтандырылған ақпарат өңдеу жүйелерінің сенімділігін бағалау.
- 13) Есептік жылдың қорытынды аудиторлық процедуралары аяқталғанда, басшылыққа жазылған Хаттағы ұсыныстардың орындалу күйі.

• Шолу:

- 1) 34-ші ХБЕС-ке сәйкес әзірленген 2014, 2015 және 2016 жылдардың 30 маусым күнгі және сол күні аяқталатын кезеңдердің қаржылық есептіліктеріне шолу;
 - 2) Бекітілген нысандарға сәйкес әзірленген 2014, 2015 және 2016 жылдардың 30 маусым күнгі және сол күні аяқталатын кезеңдердің қаржылық есептіліктеріне шолу;
 - 3) Өткізу кезеңі — есептік жылдың шілдесі, және жарты жылдық шолу аясында есептік жылдың бірінші тоқсанындағы алдын ала аралық процедуралар есептік жылдың 15 мамырына дейін аяқталуы тиіс;
 - 4) 34-ші ХБЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктердің шолуына қатысты есептің тапсырылу мерзімі — есептік жылдың 1 тамызынан кеш емес;
 - 5) Бекітілген нысандарға сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктердің шолуына қатысты есептің тапсырылу мерзімі — есептік жылдың 1 тамызынан кеш емес;
 - 6) 34-ші ХБЕС-ке сай әзірленген қаржылық есептіліктердің шолуына қатысты аудиторлық қорытындылар ағылшын тілінде теңгемен, ағылшын тілінде АҚШ долларымен, орыс тілінде теңгемен және қазақ тілінде теңгемен 3 (үш) данадан шығарылуы керек;
 - 7) Бекітілген нысандарға сай әзірленген қаржылық есептіліктердің шолуына қатысты аудиторлық қорытындылар орыс тілінде 3 (үш) данадан шығарылуы керек;
 - 8) «Эйр Астана» АҚ 34-ші ХБЕС-ке сай әзірленген қаржылық есептіліктерге шолу жасау үшін қажетті ақпаратты толтыруы мақсатында аудитор жұмыс кестелерін есептік кезеңнен кейінгі 10 шілдеден кешіктірмей беруі;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Жария мүдделі ұйымдардың жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сай әзірленген 2014, 2015 және 2016 жылдардың 31 желтоқсан күнгі және осы күннен кейін аяқталатын жылдардың қаржылық есептіліктерінің аудит нәтижелеріне қатысты аудиторлық қорытындының орыс тілінде 2 (екі) данадан есептік жылдан кейінгі 1 сәуірге дейін тапсырылуы;
 - Салықтардың дұрыс есептелгенін, «Эйр Астана» АҚ жылдық жиынтық табысы туралы декларацияның дұрыстығын растау;
 - Егер «Эйр Астана» АҚ қаржылық есептілігіне қатысты қолдануға болса, ХҚЕС-ке өзгертулер бойынша ұсыныстар және жыл ішіндегі есептілікке байланысты туындайтын

мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізу.

II. Ықтимал жеткізушіге қойылатын талаптар

Аудиторлық ұйымның «Эйр Астана» АҚ-на және оның кез келген байланысты тараптарына тәуелді емес екенін растау құжатын және негіздемесін міндетті түрде тапсыру қажет.

Аудиторлық ұйымның ұсынысында келесі аспектілер көрсетілуі тиіс, сонымен қатар ұсынысқа Талаптарға сәйкестік кестесін қосымша беріп, тиісті тарауларға және Конкурстық ұсыныстың беттеріне сілтемелер жасау керек. Аудиторлық ұйымның пайымдауына Конкурстық ұсынысқа өзге пайдалы ақпаратты қосуға болады.

• Жалпы талаптар:

- 1) Аудиторлық қызметпен айналысу лицензиясының болуы;
- 2) Аудиторлық ұйым басшысының «аудитор» біліктілік куәлігінің болуы;
- 3) Аккредитацияланған кәсіби аудиторлық ұйым мүшесі екенін растайтын құжаттың болуы;
- 4) Аудиторлық ұйымның азаматтық және құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуы;
- 5) Халықаралық қаржылық есептілік және аудит стандарттарына сай кемінде он бес аудит жасалған ұйымның болуы;
- 6) Аудиторлық ұйымның авиациялық индустрия саласында жұмыс тәжірибесі мен біліктілігінің болуы;
- 7) Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат беру керек:
 - салалық тәжірибе, оның ішінде ұқсас масштабтағы клиенттерге қызмет көрсетудегі халықаралық тәжірибе;
 - осы саладағы негізгі клиенттерінің тізімі.
- 8) Техникалық сұрауларға қатысты тиімді қызметтер мен жоғары сапалы қызметтерді қамтамасыз ету үшін Қазақстанда мамандандырылған техникалық қолдау көрсету тобының (авиациялық индустрия саласында, қаржылық және басқа экономика салаларында ХҚЕС бойынша есеп мәселелерімен айналысатын мамандардың) болуы. Немесе аудиторлық ұйымның осындай топты қызметтерді көрсету туралы шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) күн ішінде құру міндеттемесі;
- 9) Аудитордың әділдігі — Аудитордың тәуелсіздік қағидаттарын ұстануы және Аудитордың, атап айтқанда келесі жағдайларда мүдделер қайшылығы болмауы:
 - аудит өткізілетін кезеңде түрі бойынша және іс жүзінде тәуелсіздік қағидатының бұзылуына әкелетін бейаудиторлық қызметтер көрсету. Аудитор басқарушылық шешімдерді қабылдауды қажет ететін қызметтерді көрсетуге қатысуы мүмкін емес және өзі құруға қатысқан ақпараттың аудитін жасай алмайды.
 - Аудитор әділдік және құпиялық қағидаттарының бұзылуына әкелетін қызметтерді көрсете алмайды. Мысалы, әділдік және құпиялық қағидаттарын бұзу қаупі келесі жағдайларда туындауы мүмкін. Бұлар:
 - а) аудитордың өз тікелей клиентіне бәсекелес болуы, немесе қатысушылардың көбі клиенттің бәсекелесі болып табылатын бірлескен кәсіпорындарының немесе осыған ұқсайтын бірлестіктерінің болуы;
 - б) аудитордың мүдделер қайшылығы бар клиенттерге қызмет көрсетуі немесе клиенттердің мәселелер, операциялар және проблемалар бойынша бір-бірімен пікірталас және дау күйінде болуы.

Сондықтан Халықаралық бухгалтерлер федерациясының (IFAC) талаптарына сай аудиторлық ұйымның 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін көрсетілген және көрсетуге жоспарланған барлық қызметтер бойынша мүдделер қайшылығының туындау қатерінің жоқтығы туралы негіздеме берілуі тиіс.

• **Аудит қызметтерін көрсету ресурстары:**

- 1) Жобаға кемінде 4 (төрт) жетекші маман қажет: Жобаның серіктесі — Аудит басшысы, Тәуелсіз серіктес, ХҚЕС әдістемесі мәселелері бойынша техникалық серіктес және АССА / CPA АҚШ халықаралық стандарттары бойынша сертифициатталған Жоба менеджері (біліктілігін растайтын құжаттардың нотариус куәландырған көшірмелері берілуі тиіс). Осы ретте:
 - кемінде 1 (бір) серіктес ҚР сертифициатталған аудиторы болуы тиіс («аудитор» біліктілік куәлігіне ие болуы керек);
 - кемінде 1 (бір) серіктестің авиациялық индустрия саласындағы халықаралық компаниялардың ХҚЕС бойынша қаржылық есептілігінің аудитін өткізу бойынша айтарлықтай тәжірибесі болуы керек;
 - олардың кемінде 1 (біреуі) ағылшын және орыс тілдерін жетік білуі тиіс;
 - олардың кемінде 1 (біреуі) қазақ және орыс тілдерін жетік білуі тиіс;
 - олардың кемінде 1(біреуі) Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс (Қазақстан Республикасы төлқұжаттарының немесе жеке куәліктерінің нотариус куәландырған көшірмелері тапсырылуы тиіс);
 - жоба менеджерлерінің сыртқы аудит өткізуге қатысты кемінде 3 жылдық тәжірибесі болуы керек;
- 2) Аудиторлық компанияның CPA, АССА біліктілігіне ие кемінде 10 (он) қызметкері болуы керек (біліктілікті растайтын құжаттардың нотариус куәландырған көшірмелері тапсырылуы тиіс);
- 3) Аудиторлық компанияның халықаралық авиациялық индустрия саласында компаниялардың қаржылық есептілігіне шолу жасау және оның аудитін жүргізу қызметтерін көрсету бойынша айтарлықтай тәжірибесі (кемінде 3 жыл) бар кемінде 3 (үш) қызметкері болуы керек;
 - Мамандардың жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігін растау үшін ықтимал жеткізуші теңдерлік өтінім құжаттарында мамандардың жұмыс тәжірибесі көрсетілген түйіндемелерін, клиент компаниялардың тізімін және төмендегі растайтын құжаттарды тапсырады:
 - 1) қазақстандық мамандар үшін: еңбек шарттарының нотариус куәландырған көшірмелері немесе бірінші басшының қолы қойылған және ықтимал жеткізушінің мөрі басылған орналастыру штаттық кестесінен алынған үзінді көшірме (қызметкердің аты, тегі, әкесінің аты, қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні, лауазымы көрсетілуі керек);
 - 2) ҚР резиденттері емес мамандар үшін:
 - аудиторлық ұйымның көрсетілген мамандарды өзінің басқа елдердегі, ғаламдық аудиторлық ұйымдар бірлестігінің мүшелері болып табылатын өзінің үлестес ұйымдарының штатынан тартқаны туралы міндеттеме хаты;
 - осы үлестес жұмыс беруші ұйымдардың осы мамандарды осы жобалар бойынша қызмет көрсетуге жіберуге келісімін беретіні туралы растау хаты;
 - «Эйр Астана» АҚ аудитіне / шолуына тартылған және Конкурстық ұсыныста көрсетілген шетелдік қызметкерлердің Қазақстанда жұмыс істеу рұқсаттарының болуы.

**Аудиторлық ұйымның сыртқы аудиторлық қызметтерін тарту саласындағы
жеткізушіні таңдау процедурасының II қосымшасы**

**Қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу қызметін көрсететін аудиторлық ұйым
қызметтерінің жеткізушісін таңдау жөніндегі тендерлік комиссияның құрамы**

Комиссия төрағасы:

«Эйр Астана» АҚ
Сатып алу жөніндегі Вице-президенті

Комиссия төрағасының орынбасары:

«Эйр Астана» АҚ
Конкурс жөніндегі менеджері

Комиссия мүшелері:

«Эйр Астана» АҚ
Бас Бухгалтері

«Эйр Астана» АҚ
Сатып алу жөніндегі менеджері

«Эйр Астана» АҚ
Қаржы менеджері

Комиссия хатшысы:

«Эйр Астана» АҚ
Конкурстар жөніндегі үйлестіруші